Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

«Анатомия» пәні бойынша тест сұрақтарының бақылау данасы
курс II(162 сағат), (4 семестр 78 сағат)
мамандық 0301000 «Емдеу ісі», бөлім «Емдеу ісі»

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

**Жүрек тамырлар жүйесі**
**Жүрек құрылысы, қан тамырлары**

1. Жүрек тамырлар жүйесіне кіретін мүше?
А) жүрек
Б) өкпе
В) бронх
Г) бүйрек

2 . Жүрек қайда орналасқан?
А) кеуде қуысының сол жағында
Б)  құрсақ қуысында
В) диафрагманың астында
Г) кеуде қуысының оң жағында

3. Үлкен қан айналым шеңбері қай жерден басталады?
А) сол қарыншадан
Б) оң құлақшадан
В) сол құлақшадан
Г) оң қарыншадан

4. Кіші қан айналымның маңызы?
А) венозды қанды артериалды қанға айналдыру
Б) мүшелерден шлактарды шығару
В) қанды тамырларға жеткізу
Г) қоректі заттарды тасымалдау

5 Вена тамырларының ерекшелігі.
А) қақпақшалары бар
Б) қабырғасы қалың
В)саны аз
Г) эластикалық талшықтары көп

6. Жүректің ортаңғы қабаты?
А) миокард
Б) эндотелий
В) эндокард
Г) перикард

7.  Үлкен қан айналым шеңбері қандай веналармен аяқталады?
А) жоғарғы және төменгі қуысты
Б) өкпе веналарымен
В) өкпе сабауымен
Г) қақпа венасымен

8. Жүректі қанмен қамтамасыз ететін артерия?
А) тәждік

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

Б) өкпе сабауы
В) қолқа доғасы
Г) жоғарғы қуысты вена

9. Жүрек қабы қалай аталады?
А) перикард
Б) эпикард
В) миокард
Г) эндокард

10. Жүрек қуыстарының саны?
А) 4
Б) 3
В) 2
Г) 6

11. Жүрекше мен қарыншалардың арасында қандай қақпақша орналасқан?
А) жақтаулы қақпақша
Б) айшық қақпақша
В) емізік тәрізді қақпақша
Г) сір қақпақша

12. Жүректің ішкі қабаты қалай аталады?
А) эндокард
Б) миокард
В) эпикард
Г) перикард

13. Үлкен қан айналым шеңбердің маңызы?
А) мүшелерге оттегі мен коректік заттарды жеткізеді
Б) газ алмасу процессі жүреді
В) анастомоз құрайды
Г) қанды өткізіп отырады

14. Жүректің ұшы қайда қараған?
А) төмен, солға
Б) жоғары
В) оңға
Г) артқа
15. Жүректің орташа салмағы?
А) 250-300гр
Б) 700гр
В) 1кг
Г) 500гр
16. Суретте 1 санымен белгіленген жүректің қай қуысы?
А) оң қарынша
Б) сол қарынша
В) сол жүрекше
Г) оң жүрекше




17. Суретте 2 санымен белгіленген қуысты ата?
А) сол қарынша
Б) оң қарынша
В) сол жүрекше
Г) оң жүрекше




18. Суретте бейнеленген құрылымдарды ата?
А) жүрек қақпақшалары
Б) қолқа
В) жүрек қабы
Г) қарыншалар



19. Қарыншалардың арасын не бөліп жатады?
А) бұлшықетті перде
Б) қақпақша
В) тесік
Г) шұңқыр

20. Жүрекшелердің арасында ұрықта не бар?
А) тесік

Б) шұңқыр
В) перде
Г) қақпақша

21. Митральды ( қос жақтаулы) қақпақша қай жерде?
А) сол жүрекше мен қарынша арасында
Б) оң жүрекше мен қарынша арасында
В) жүрешелер арасында
Г) қарыншалар арасында

22. Трикуспидальды ( үш жақтаулы) қақпақша қай жерде?
А) оң жүрекше қарынша арасында
Б) сол жүрекше қарынша арасында
В) қарыншалар арасында
Г) жүрекшелер арасында

23. Эпикард деген не?
А) жүректің сыртқы қабаты
Б) жүректің ішкі қабаты
В) жүректің ортаңғы қабаты
Г) жүрек қабы

24. Артерияның венадан ерекшелігін ата?
А) бұлшық ет қабаты қалың
Б) қақпақшалары болады
В) эластикалық талшықтары аз
Г) саны көп

25. Капиллярдың құрылысы?
А) қабырғасы бір қабатты эпителий ұлпасынан тұрады
Б) қабырғасы көп қабатты эпителий ұлпасынан тұрады
В) қабырғасы дәнекер ұлпасынан тұрады
Г) қабырғасы бұлшық ет ұлпасынан тұрады

26. Қанды жүректен мүшелерге апаратын тамырды ата?
А) артерия
Б) вена
В) капилляр
Г) коллатераль

27. Қанды мүшелерден жүрекке әкелетін тамырды ата?
А) вена
Б) артерия
В) капилляр
Г) анастомоз

28. Өкпе сабауы мен қолқаның басталар жерінде қандай қақпақшалар бар?

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

А) айшық
Б) үш жақтаулы
В) екі жақтаулы
Г) бір тілді

29) Тәждік артериялар қайдан басталады?
А) қолқаның өрлеу бөлігінен
Б) қолқа доғасынан
В) қолқаның төмендеу бөлігінен
Г) сол қарыншадан

30. Жүректің қай қабаты қалың?
А) миокард
Б) эпикард
В) перикард
Г) миокард

**Қолқа және оның бөлімдері**

1.Қолқаның латыншасы?
А) aorta
Б) cor
В)vena
Г)arteria

2. Төмендеуші қолқаның төменгі шекарасы?
А) IV бел омыртқа
Б) бел омыртқа
В) II бел омыртқа
Г) сегізкөз – мықын буын

3. Омыртқалық артерия қандай тамырдан басталады?
А) бұғана – астылық
Б) қолтық асты
В) иық – бас бағаны
Г) жалпы ұйқылық

4. Миды қамтамасыз ететін артерия?
А) омыртқалық
Б) сыртқы ұйқылық
В) жалпы ұйқылық
Г) бұғана – астылық

5. Құрсақ қолқасының жалғасы?
А) жалпы мықын артериясы
Б) шонданай артериясы
В) кеуде қолқасы
Г) сан артериясы

6. Пульсті қандай артериялардан анықтайды?
А) жалпы ұйқы
Б) шынтақ артериясы
В) бүйрек артериясы
Г) бұғана – астылық

7. Жүректі қамтамасыз ететін артериялар?
А) тәждік
Б) жалпы ұйқы
В) құрсақ қолқасы
Г) кеуде қолқасы

8. Бас пен мойынды қамтамасыз ететін артерия?
А) жалпы ұйқылық
Б) бұғана астылық
В) самай артериясы
Г) тәждік

9. Қол артериясына қайсысы кіреді?
А) алақан доғасы
Б) бұғана-астылық
В) омыртқалық
Г) тәждік
10. Самай артериясы қандай артерияның тармағы болып табылады?
А) сыртқы ұйқылық
Б) бұғана-астылық
В) ішкі ұйқылық
Г) омыртқалық
11. Қолқаның басталар жері?
А) сол қарыншадан
Б) сол жүрекшеден
В) оң қарыншадан
Г) оң жүрекшеден

12. Қолка доғасының тармағын атаңыз?
А) иық-бас бағаны
Б) омыртқалық артерия
В) тәждік артерия
Г) мықын артериялары

13. Кеуде қолқасының висцеральді тармағы?
А) өңеш артериясы
Б) жоғарғы шажырқай артериясы
В) бүрек артериясы
Г) көкет артериясы

14. Сыртқы ұйқы артериясының тармағын атаңыз?
А) самай артериясы
Б) омыртқалық артерия

В) шынтақ артериясы
Г) кәрі жілік артериясы

15. Кеуде қуысын қанмен қамтамасыз ететін артерия?
А) қабырға аралық 10 жұп артериялар
Б) жоғарғы шажырқай артериясы
В) төменгі шажырқай артериясы
Г) омыртқалық артерия

16. Құрсақ қолқасының аяқталар жері?
А) IV бел омыртқасының тұсында
Б)XII кеуде омыртқасының тұсында
В)I-II кеуде омыртқасының тұсында
Г) соңғы мойын омыртқасының тұсында

17. Несеп-жыныс ағзаларын қанмен қамтамасыз ететін артерияны атаңыз?
А) ішкі мықын артериясы
Б) сыртқы мықын артериясы
В) сан артериясы
Г) шажырқай артериясы
18. Тәждік артериялар қайдан басталады?
А) қолқаның өрлеу бөлігінен
Б) қолқа доғасынан
В) төмендеуші қолқадан
Г) құрсақ қолқасынан
19. Аяқты қанмен қоректендіретін артерияны атаңыз?
А) сыртқы мықын
Б) ішкі мықын
В) жоғарғы шажырқай
Г) тқменгі шажырқай

20. Құрсақ қолқасының тақ артериясын атаңыз?
А) құрсақ бағаны
Б) бүйрек артериясы
В) көкет артериясы
Г) жыныс бездерінің артериясы

21. Суретте 1санымен қолқаның қай бөлімі бейнеленген?
А) қолқа доғасы
Б) өрлеуші қолқа
В) мықын артериясы
Г) құрсақ қолқасы

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz




22. Суретте 2 саныменқолқаныңқайбөлімібейнеленген?
А) кеуде қолқасы
Б) құрсақ қолқасы
В) қолқа доғасы
Г) өрлеуші қолқа




23. Кеудеқолқасыныңпариетальды (қабырғалық) тармағынатаңыз?
А) жоғарғы диафрагмалық артерия
Б) бел артериясы
В) омыртқалық артерия
Г) төменгі диафрагмалық артерия
24. Қолқа доғасының бірінші тармағы қалай аталады?
А) иық-бас бағаны
Б) ұйқы артериясы
В) бұғанаасты артериясы
Г) омыртқалық артерия

25. Құрсақ қолқасының жұп артериясын ата?
А) бүйрек артериясы
Б) бауыр артериясы
В) көк бауыр артериясы
Г) жоғарғы шажырқай артериясы

26. Аш ішекті қанмен қамтамасыз ететін қай артерия?
А) жоғарғы шажырқай
Б) төменгі шажырқай
В) сыртқы мықын артериясы
Г) ішкі мықын артериясы

27. Жалпы мықын артериялары қай тұста басталады?
А) IV бел омыртқасы тұсында
Б) сегізкөз тұсында
В) құйымшақ тұсында

Г)I бел омыртқасы тұсында

28. Аяқ артериясын атаңыз:
А) тақым асты артериясы
Б) қар артериясы
В) кәрі жілік артериясы
Г) шынтақ артериясы

29. Сан артериясы қай артерияның жалғасы?
А) сыртқы мықын артериясының
Б) ішкі мықын артериясының
В) құрсақ қолқасының
Г) бел артериясының

30. Құрсақ қолқасының париетальды тармағы?
А) бел артериясы
Б) өңеш артериясы
В) бронх артериясы
Г) қабырғааралық артерия

**Үлкен қан айналымның веналары**

1.Қақпа вена жүйесінің маңызы?
А) қанды тазарту
Б) қанды өткізу
В) газ алмасу
Г) коректендіру

2. Жоғарғы қуысты вененың пайда болу көздері?
А) иық – бас веналары
Б) мойынтұрық
В) бұғанаасты веналар
Г) сыңарлы веналар

3.Қолдың веналарын атаңыз?
А) латералды және медиалды
Б) жылпы мықын
В) тақым асты
Г) сыңарлы

4. Дененің жоғарғы бөлігінен қай вена қанды жинайды?
А) жоғарғы қуысты вена
Б) төменгі қуысты вена
В) қақпа венасы
Г) өкпе сабауы

5. Көкірек клеткасынан қанды жинайтын венаны атаңыз?
А) сыңарлы және жартылай сыңарлы вена
Б) мойынтұрық венасы
В) қолтық асты венасы
Г) көкет венасы

6. Веноздық бұрышты қай веналар құрайды?
А) бұғанаастылық вена мен мойынтұрық венасы
Б) оң және сол иық-бас веналары
В) ішкі және сыртқы мойынтұрық веналары
Г) сыңарлы,жартылай сыңарлы веналар

7. Төменгі қуысты венаның қай тармағы құрсақ қуысының қабырғасынан қанды жинайды?
А) көкет венасы
Б) бүйрек венасы
В) бауыр венасы
Г) қақпа венасы

8. Аяқтың беткей венасын атаңыз?
А) үлкен тері асты
Б) тақым асты
В) сан
Г) сирақ

9. Суреттегі венаны атаңыз?
А) төменгі қуысты вена
Б) жоғарғы қуысты вена
В) қақпа венасы
Г) иық-бас венасы



10. Суретте қай венаның жүру жолы бейнеленген?
А) қақпа венасы
Б) жоғарғы қуысты венасы
В) төменгі қуысты венасы
Г) мықын веналары



11. Қақпа венасының тармағы?
А) көк бауыр венасы
Б) бүйрек венасы
В) сегізкөз венасы
Г) көкет венасы

12. Аяқтың терең венасын атаңыз?
А) сан венасы
Б) үлкен теріасты венасы
В) кіші теріасты венасы
Г) сегізкөз венасы

13. Бас пен мойыннан қанды жинайтын вена?
А) мойынтұрық веналары
Б) бұғанаастылық асты
В) сыңарлы вена
Г) жартылай сыңарлы вена

14. Жалпы мықын венасы қай веналардың бірігуінен пайда болады?
А) ішкі, сыртқы мықын веналарының
Б) оң және сол мойынтұрық веналарының
В) беткей және терең аяқ веналарының
Г) шажырқай веналардың

15. Қақпа венасының латынша атауы?
А) vena portae
Б) vena cava superior
В) vena cava inferior
Г) venailiaca

16. Суретте қай вена бейнеленген?
А) мойынтұрық венасы
Б) бұғанаасты венасы
В) иық-бас венасы
Г) қақпа венасы



17. Суретте 1 санымен белгіленген вена?
А) жоғарғы қуысты вена
Б) төменгі қуысты вена
В) қақпа венасы
Г) мойынтұрық венасы




18. Суретте 2 санымен бейнеленген қандай құрылым?
А) бұғанаасты веналары
Б) жоғарғы қуыс венасы
В) төменгі қуыс венасы
Г) мойынтұрық венасы




19. Төменгі қуыс тывенақандай веналардың бірігуінен пайда болады?
А) жалпы мықын веналары
Б) иық-бас веналары
В) құрсақ веналары

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

Г) сыңарлы және сыңарсыз веналар

20. Қолдың беткей веналарын ата?
А) латеральды, медиальды
Б) үлкен теріасты
В) кіші теріасты
Г) париетальды, висцеральды
21. Құрсақ венасының висцеральды(мүшелік) тармағын атаңыз?
А) бүйрек венасы
Б) сегізкөз венасы
В) сыңарсыз вена
Г) мықын венасы
22. Қолдың терең венасын атаңыз?
А) қолтықасты венасы
Б) үлкен теріасты
В) кіші теріасты
Г) медиалды

23. Ішкі мойынтұрық венасы қанды қайдан жинайды?
А) мидан,көру,есту мүшелерінен
Б) мойыннан
В) қолдан
Г) самайдан,шүйдеден

24. Төменгі қуысты вена қай тұста басталады?
А) IV-V бел омыртқасы
Б)I-II бел омыртқасы
В)I-II мойын омыртқасы
Г)XII кеуде омыртқасы

25. Жоғарғы,төменгі қуысты веналар жүректің қай қуысына ашылады?
А) оң жүрекшеге
Б) сол жүрекшеге
В) оң қарыншаға
Г) сол қарыншаға

**Лимфа тамырлары мен бездері**

1.Лимфа безінің қызметіне қайсысы жатпайды?
А) лимфа жасаушы
Б) қан жасаушы
В)  зат алмасу
Г) иммундық

2. Лимфаның құрамына не жатады?
А) лимфоплазма
Б) қан плазмасы
В) моноциттер
Г) ликвор сұйықтығы

3. Адам денесіндегі ірі лимфа өзегі қалай аталады?
А) көкірек өзегі
Б) оң жақ лимфа өзегі
В) сол жақ лимфа өзегі
Г) құрсақ өзегі

4. Көкірек өзегінің ұзындығы?
А) 35-45см
Б) 1-2см
В) 10-15см
Г) 7-8см

5. Оң жақ лимфа өзегіінің ұзындығы?
А) 1-2см
Б) 10-15см
В)40-45см
Г) 7-8см

6. Көкірек өзегі лимфаны қайдан жинайды?
А)2 аяқтан, жамбастан,құрсақтан
Б) бастың оң жағынан
В) оң қолдан
Г) кеуденің оң жағынан

7. Лимфаның ағу себептері?
А) кеуденің теріс қысымы
Б) ағысы жылдам
В) қысым жоғары
Г) қысым төмен

**Эндокриндік жүйе**
**Ішкі секрециялық бездерге сипаттама**

1.Эндокриндік бездердің бөлетін заты?
А) гормон
Б) лимфа
В) қан
Г) сөл

2. Өзектері жоқ безді атаңыз?
А) эндокринді
Б) сілекей безі
В) сыртқы секрециялық безі?
Г) экзокринді

3. Аралас безді атаңыз?
А) ұйқы безі
Б) эпифиз

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

В) тимус
Г) бүйрекүсті безі

4. Ұйқы безінің гормоны?
А) инсулин
Б) паратгормон
В) тироксин
Г) окситоцин

5. Айырша бездің латыншасы?
А) thymus
Б) hypophis
В) testis
Г) pancreas

6. Қант диабеті ауруы қай бездің патологиясына жатады?
А) ұйқы безі
Б) қалқанша
В) тимус
Г) гипофиз

7. Қай без барлық бездердің қызметтерін реттейді?
А) гипофиз
Б) эпифиз
В) ұйқы безі
Г) тимус

8. Адреналин – гормоны қай безден бөлінеді?
А) бүйрекүсті безі
Б) қалқанша безі
В) жыныс безі
Г) ұйқы безі

9. Аналық безі қандай бездер қатарына жатады?
А) аралас
Б) сыртқы секрециялық
В) эндокринді
Г)экзокринді

10. Гормон деген не?
А) биологиялық қуатты зат
Б)ацетилхолин
В) химиялық зат
Г) ұлпа
11. Гормонның көбейіп кетуі?
А) гиперфункция
Б) гипофункция
В) дисфункция
Г) функция

12. Ересек адамда өсу гормонының гиперфункциясында болатын белгі?
А) гигантизм
Б) акромегалия
В) брадикардия
Г) тахикардия

13. Балаларда қалқанша безінің гормоны жетіспесе қандай ауруға ұшырайды?
А) кретинизм
Б) микседема
В) қант диабеті
Г) гигантизм

14. Қалқанша маңы безінің гормоны?
А) паратгормон
Б) инсулин
В) тироксин
Г) адреналин

15. Қандай безді иммундық жүйеге жатқызамыз?
А) тимус
Б) гипофиз
В) қалқанша маңы
Г) тестестерон

16. Аталық жыныс безінің гормоны?
А) тестестерон
Б) өсу гормоны
В) эстроген
Г) тироксин

17. Йод жетіспесе қай бездің қызметі төмендейді?
А) қалқанша безінің
Б) жыныс бездерінің
В) гипофиздің
Г) тимустың

18. Қай безден бөлінетін гормон организмдегі көмір су алмасуы реттейді?
А) бүйрекүсті безі
Б) эпифиз
В) тимус
Г) жыныс безі
19. Қанттың мөлшерін реттейтін гормон?
А) инсулин
Б) тиреокальцитонин
В) тироксин
Г) норадреналин
20. Тимус безінің гормоны?
А) тимозин
Б) тироксин
В) эстроген

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

Г) паратгормон

21. Суретте бейнеленген безді ата?
А) қалқанша без
Б)айырша без
В) бүйрек үсті безі
Г) гипофиз



22. Қалқанша безінің артында не орналасқан?
А) қалқанша маңы безі
Б) тимус
В) гипофиз
Г) эпифиз

23. Гипофиз қай сүйекте орналасқан?
А) сына сүйекте
Б) самай сүйекте
В) маңдай сүйекте
Г) тор сүйекте

24. Бүйрек үсті безінің ішкі қабаты?
А) милы
Б) қыртысты
В) сір
Г) кілегейлі

25. Гипофиздің алдыңғы бөлімінің гормоны?
А) соматотропты гормон
Б) адреналин
В) инсулин
Г) тироксин
26. Бездердің қызметінің төмендеуі?
А) гипофункция
Б) дисфункция
В) гиперфункция
Г) механика

27. Қалқанша безінің гормонын атаңыз?
А) тироксин

Б) инсулин
В) окситоцин
Г) адреналин

28. Айырша бездің орналасуы?
А) кеуде қуысында
Б) мойында
В) құрсақта
Г) жамбаста

29. Аналық жыныс безінің гормоны?
А) эстроген
Б) тестестерон
В) адреналин
Г) тироксин

30. Акромегалия қай бездің патологиясына жатады?
А) гипофиз
Б) қалқанша безі
В) қалқанша маңы безі
Г) айырша без

31. Гипофиздіің артқы бөлімі қалай аталады?
А) нейрогипофиз
Б) аденогипофиз
В) меланогипофиз
Г) эпифиз

32. Окситоцин қай бездің гормоны?
А) гипофиздің
Б) эпифиздің
В) қалқанша бездің
Г) айырша бездің
33. Базедов ауруы қай бездің патологиясына жатады?
А) қалқанша
Б) айырша
В) ұйқы
Г) гипофиз
34. Вазопрессин қай бездің гормоны?
А) гипофиз
Б) эпифиз
В) бүйрекүсті
Г) айырша

35. Айырша бездің гормоны?
А) тимозин
Б) тироксин
В) паратгормон
Г) тестестерон

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

**Жүйке жүйесі**
**Орталық жүйке жүйесі**

1.Жүйке жүйесінің құрылымдық бірлігі?
А) нейрон
Б) дендрит
В) миоцит
Г) аксон

2. Мидың ересек адамдардағы орташа салмағы?
А) 1100-2000гр
Б) 120-150гр
В) 400-500гр
Г) 250-300гр

3. Ми сыңарлары бір-бірімен не арқылы байланысқан?
А) сүйелді дене
Б) артқы ми
В) көпір
Г) сопақша ми

4. Аралық миға не жатады?
А) эпиталамус
Б) сопақша ми
В) төрт төмпешік
Г) ми сабақшасы

5. Мидың латыншасы?
А) encephalon
Б) nervus
В) cerebellum
Г) mesencephalon

6. Орталық жүйке жүйесінің бөлігі?
А) ми
Б) ми жүйкелері
В) жұлын жүйкелері
Г) нейрон

7. Жұлынның латыншасы?
А) medullaspinalis
Б) encephalon
В) cerebellum
Г) medulla oblongata

8. Сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер георганизмнің жауабы?
А) рефлекс
Б) нейрон
В) рецептор

Г) эффектор

9. Ми қарыншалары арқылы не ағады?
А) ликвор
Б) лимфа
В) плазма
Г) қан

10. Сұр зат неден пайда болған?
А) нейрон денелерінен
Б) нейрон өсінділерінен
В) хондроциттерден
Г) нейроглиядан

11. Рецептор деген не?
А) сезгіш нервтердің ұштары
Б) жауап беретін мүше
В) сұр зат
Г) нейрон

12. Жұлынның қызметі?
А) өткізгіштік
Б) сезімталдық
В) тірек
Г) қимыл әрекеттерді реттейді
13. Жұлынның сұр затының алдыңғы мүйізшесіндегі нейрондардың түрі?
А) қозғалтқыш
Б) сезгіш
В) жұлдыз тәрізді
Г) аралас
14. Сопақша мидың қызметі?
А) рефлекстік
Б) ішкі ағзалардың қызметін реттейді
В) тыныс алуға қатысатын бұлшық еттердің қызметін реттейді
Г) жұлынды алдыңғы мимен байланыстырады

15. Ортаңғы мидың қуысы?
А) Сильвиев су құбыры
Б) I-II қарыншалар
В)IV қарынша
Г) III қарынша

16. Суреттегі мүшенің латыншасы?
А) medullaspinalis
Б)cerebellum
В)encephalon
Г)diencephalon



17. Суреттегі мүшенің латыншасы?
А) encephalon
Б) cerebellum
В) medulla spinalis
Г)nervus



18. Артқы миға не жатады?
А) мишық пен көпір
Б) төрт төмпешік
В) көру төмпегі
Г) сүйелді дене
19. Ортаңғы миға не жатады?
А) ми сабақшалары мен төрт төмпешік
Б) көру төмпегі
В) мишық
Г) көпір

20. Артқы мидың қуысы қалай аталады?
А) IV қарынша
Б)III қарынша
В) бүйір қарынша
Г) сильвий су құбыры

21. Мидың ортаңғы қабығы қалай аталады?
А) торлы
Б) қатты
В) тамырлы
Г) кілегей

22. Ликвор дегеніміз не?
А) жұлын-ми сұйықтығы
Б) плазма
В) жүйке жасушасы
Г) ми бөлігі

23. Сопақша мидың қызметі?
А) рефлекстік және өткізгіштік
Б) қорғаныштық
В) тепе-теңдік сақтайды
Г) есту қызметін реттейді

24. III қарынша қай мидың қуысы?
А) аралық
Б) ортаңғы
В) артқы
Г) соңғы

25. Мишықтың қызметі?
А)дененің қимыл әрекетін реттейді
Б) көруді реттейді
В) естуді реттейді
Г) ойлауды реттейді
26. Таламус қай мида орналасқан?
А) аралық мида
Б) ортаңғы мида
В) артқы мида
Г) алдыңғы мида
27. Таламустың астыңғы аймағы қалай аталады?
А) гипоталамус
Б) эпиталамус
В) метаталамус
Г) көпір

28. Ортаңғы мидың жоғарғы екі төмпешігінде қандай орталық бар?
А)көру
Б) есту
В) иіс сезу
Г) дәм сезу

29. Суретте не бейнеленген?
А)нейрон
Б) жүйке
В) ми
Г) жұлын



30. Ортаңғымидыңтөменгіекітөмпешігіндеқандайорталықбар?

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

А) есту
Б) көру
В) дәм сезу
Г) иіс сезу

31. Үлкен ми сыңарларының қуысы?
А) бүйір қарынша
Б)III қарынша
В)IV қарынша
Г) су құбыры

32. Жұлынның бүйір мүйіздері қай бөлігінде?
А) кеуде
Б) мойын
В) бел
Г) сегізкөз

33. Жұлынның қай бөлігінде буылтық бар?
А) мойын-бел
Б) кеуде
В) сегізкөз
Г) құйымшақ

34. Жұлынның буылтықтарынан қай мүшелерге жүйкелер тарайды?
А) қол, аяққа
Б) мойынға
В) кеудеге
Г) белге

35. Мишықтың латынша атауы?
А) cerebellum
Б) medula spinalis
В) encephalon
Г)diencephalon

36. Ми бағанына не жатады?
А) сопақша ми
Б) мишық
В) аралық ми
Г) үлкен ми сыңарлары
37. Ішкі мүшелерді жүйкелендіретін жүйке жүйесі?
А) вегетативті
Б) соматикалық
В) орталық
Г) шеткі

38. Орталық жүйке жүйесіне не жатады?
А) ми мен жұлын

Б) ми жүйкелері
В) жұлын жүйкелері
Г) нейрон

39. Шеткі жүйке жүйесіне не жатады?
А) ми, жұлын жүйкелері
Б) ми
В) жұлын
Г) нейрон

40. Соматикалық жүйке жүйесі нені жүйкелендіреді?
А) қаңқа мен бұлшық еттерді
Б) ішкі мүшелерді
В) қан тамырларын
Г) ішкі секрециялық бездерді
41. Жұлын өзегі қай жерде орналасқан?
А) сұр заттың ішінде
Б) ақ заттың ішінде
В) омыртқа өзегінде
Г) жұлын қабығында

42. Нейронның ұзын өсіндісі?
А) аксон
Б) дендрит
В) рефлекс
Г) рецептор

43. Сопақша мида қандай орталықтар бар?
А) қорғаныштық,тағам рефлекстерінің,жүрек-тамырлар жүйесінің орталықтары
Б) көру,есту орталықтары
В) иіс-дәм сезу орталықтары
Г) қимыл орталығы

**Шеткі жүйке жүйесі**

1. Сезімтал нервті ата?
А) II жұп (көру нервісі)
Б) III жұп (көз-қимыл нервісі)
В)V жұп (үшкіл нерв)
Г) X жұп (кезбе нерв )

2. Бас-ми нервтерінің ішіндегі ең ұзынын ата?
А) Кезбе (X)
Б) қосымша (XI)
В) тіл-жұтқыншақ (IX)
Г) көру (II)

3. II жұп ми жүйкесі қалай аталады?
А) көру
Б) иіс сезу

В) көз қимыл
Г) шығыр

4. Қозғалтқыш жүйкені ата?
А) VI әкеткіш
Б)I иіс сезу
В)Х кезеген
Г)VIII кіре беріс-ұлу

5. III жұп ми жүйкесінің аты?
А) көз қимыл
Б) шығыр
В) кезеген
Г) бет

6. Бас, мойын, кеуде, құрсақ қуысындағы мүшелерге баратын жүйкені ата?
А) кезеген
Б) кіре беріс-ұлу
В) көз қимыл
Г) қосымша

7. Жұлын жүйкелерінің қай тармағы өрім түзеді?
А) алдыңғы
Б) артқы
В) дәнекер(қосушы)
Г) менингеал

8. Мойын өрімінің ең ұзын тармағы?
А) көкет жүйкесі
Б) бұғана үсті жүйкесі
В) құлақ жүйкесі
Г) желке жүйкесі

9. Жұлынды қай тармақ жүйкелендіреді?
А)менингеал
Б)алдыңғы
В) артқы
Г) қосушы

10. Иық өрімі қай аймақты жүйкелендіреді?
А) қолды
Б) белді
В) кеудені
Г) құрсақты

11. Аралас жүйкелерді ата?
А) V, VII, IX, X
Б)I, II

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

В)III, IV
Г)XI, XII
12. Жұлын жүйкелерінің қай тармағы ішкі мүшелерге барады?
А) қосушы(дәнекер)
Б) алдыңғы
В) артқы
Г) қабықтық
13. Ми жүйкелерінің VIII жұбы қалай аталады?
А) есту тепе-теңдік
Б) көру
В) иіс сезу
Г) көз қимыл

14. Х жұп жүйкенің аты?
А) кезеген
Б) тіл асты
В) үшкіл
Г) бет

15. Көру жүйкесінің латыншасы?
А) nervusopticus
Б)nervusvagus
В) nervus facialis
Г) nervus trigeminus

16. VIII-XII мижүйкелерініңядроларықайдаорналасқан?
А) ромб ойысында
Б) ортаңғы мида
В) көпірде
Г) мишықта

17. Ең ірі өрімді ата?
А) сегізкөз
Б) мойын
В) иық
Г) бел

18. Мойын өрімі қай жүйкелердің қосындысынан пайда болады?
А) жоғарғы 4 жұпмойын
Б)төменгі 4 жұпмойын
В)жоғарғыкеуде
Г)жоғарғыбел
19. Сегізкөз өрімінің ең ірі тармағы?
А) шонданай(отырықшы) жүйкесі
Б)сан жүйкесі
В)шынтақ жүйкесі
Г)көкет жүйкесі
20.Жұлын жүйкелерінің қайтармағы арқа, бел, бөксе аймағының бұлшықетін, терісін жүйкелендіреді?
А) артқы

Б) алдыңғы
В) қабықтық
Г) қосушы
21. Үшкіл жүйкесі ми жүйкелерінің қай жұбы?
А) V жұбы
Б)VIII жұбы
В)XII жұбы
Г)III жұбы

**Вегетативті жүйке жүйесі**

1. Вегетативті жүйке жүйесінің бөлімін ата?
А) симпатикалық
Б) трофикалық
В) бағаналық
Г) соматикалық

2. Вегетативті жүйке жүйесі нені жүйкелендіреді?
А) ішкі мүшелерді
Б) жұлынды
В) сыртқы мүшелерді
Г) миды

3. Суретте қай вегетативті жүйке жүйесі бейнеленген?
А) симпатикалық
Б) парасимпатикалық
В) соматикалық
Г) шеткі



4. Симпатикалықжүйкежүйесініңтүйіндеріқалайорналасқан?
А) тізбектеліп,бағантүрінде
Б)мүшеніңішінде
В) жеке-жеке
Г) мүшені айнала

**Сезім мүшелері**
**«Көру мүшесі»**

1.Көздің қосымша аппараты?
А) қабақ
Б) склера
В) торлы қабық
Г) қасаң қабықша
2. Көру ағзаларына қайсысы кірмейді?

А) көру жүйкесі
Б) қосымша аппарат
В) қарашық
Г) көз алмасы

3. Көз алмасының ішкі қабаты қалай аталады?
А) торлы
Б) нұрлы
В) тығыз талшықты
Г) тамырлы

4. Көздің көргіш жері?
А) сары нүкте
Б) соқыр нүкте
В) қарашық
Г) қара нүкте

5. Көздің ақ қабығын басқаша қалай атайды?
А) склера
Б) қасаң қабық
В) нұрлы қабық
Г) тамырлы қабық

6. Нұрлы қабықтың ортаңғы тесігін не деп атайды?
А) қарашық
Б) қасаң
В) сары нүкте
Г) склера

7. Торлы қабатта көздің қандай рецепторлары орналасқан?
А) таяқшалар мен сауытшалар
Б) соқыр нүкте
В) қарашық
Г) көздің рецепторлары

8. Көз алмасының ішкі ортасын құрайтын бөлігі?
А) шыны тәрізді дене
Б) кірпікті дене
В) мүйізді қабық
Г) склера
9. Көздің түсіне жауап беретін пигмент жасушалар қай қабатта орналасқан?
А) нұрлы
Б) мүйізді
В) торлы
Г) талшықты
10. Күндізгі жарыққа тітіркенетін рецептор?
А) сауытша
Б) таяқша
В) балғаша
Г) төсше

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

11. Әлсіз жарыққа тітіркенетін жасушалар қалай аталады?
А) таяқшалар
Б) сауытшалар
В) сүйекшелер
Г) бокал тәрізді жасушалар

12. Көру жүйкесі көз алмасының қай қабатынан басталады?
А) торлы
Б) тамырлы
В) нұрлы
Г) ақ

13. Дальтонизм деген қандай ауру?
А) түсті ажырата алмау
Б) алыстан көрмеу
В) жақыннан көрмеу
Г) қарашықтың тарылуы

14. Суретте 1 санымен белгіленген мүшені ата?
А) көз бұршағы
Б) шыны тәрізді дене
В) қабақ
Г) көздің қазан қабығы




15. Суреттегі 2 санымен белгіленген мүшені ата?
А) шыны тәрізді дене
Б) көз бұршағы
В) мүйізді қабық
Г) ақ қабық




**Есту мүшесі**

1. Есту сүйекшелері құлақтың қай бөлігінде орналасқан?
А) ортаңғы құлақта
Б) ішкі құлақта
В) сыртқы құлақта
Г) лабиринтте

2. Дабыл жарғағы құлақтың қай бөлігінде орналасқан?
А) сыртқы
Б)  ішкі
В) артқы
Г) ортаңғы

3. Есту сүйекшелеріне қай сүйекше жатады?
А) балғаша
Б) самай
В) тор
Г) шықшыт

4. Ішкі құлақтың бөлігін ата?
А) иірім түтікшелер
Б) дабыл жарғағы
В) есту сүйекшелері
Г) Евстахиев түтігі

5. Тепе-теңдікті сақтау мүшесі болып не табылады?
А) кіре беріс
Б) Кортиев мүшесі
В) иірімді каналдар
Г) ұлу

6. Суретте бейнеленген мүшенің бөлімдері?
А) сыртқы, ортаңғы, ішкі
Б) алдыңғы , артқы
В) жоғарғы , төменгі
Г) оң , сол

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz



7. Сыртқы құлаққа не жатады?
А) құлақ қалқаны
Б) дабыл қуысы
В) есту сүйекшелері
Г) ұлу

8. Сыртқы дыбыс жолының ұзындығы?
А) 3,5 см
Б) 10-12 см
В) 5-7 см
Г) 15 см

9. Корти мүше деген не?
А) дыбыс толқынын қабылдайтын жасушалар
Б) тепе-теңдік сақтау мүшесі
В) есту сүйекшелері
Г) дабыл жарғағы

10. Евстахиев түтігі қай құлақта орналасқан?
А) ортаңғы
Б) ішкі
В) сыртқы
Г) төменгі

11. Құлақ қалқанының қызметі?
А) дыбыс тербелісін жинақтайды
Б) сыртқы есту тесігін жауып тұрады
В) сыртқы құлақ пен ішкі құлақты бөліп тұрады
Г) ортаңғы құлақты жұтқыншақпен байланыстырады

12. Ұлу қай құлақта орналасқан?
А) ішкі
Б) ортаңғы
В) сыртқы
Г) артқы

13. Есту түтігінің маңызы?
А) ауа қысымын теңестіріп,дабыл жарғағының жарылмауынан сақтайды
Б) дыбыс толқынын жинақтайды

Материал с сай та www.mc.zhambyl.kz

В) дыбысқа тербеледі
Г) ортаңғы құлақ пен ішкі құлақты бөліп тұрады

14. Суреттегі мүшені ата?
А) сүйекті лабиринт
Б) есту сүйекшелері
В) есту түтігі
Г) дабыл жарғағы



15. Дабылжарғағынанестусүйекшесініңқайсысыкөрініптұрады?
А) балғаша
Б) төсше
В) үзеңгіше
Г) сына

**Тері, оның құрылысы**

1. Терінің сыртқы қабаты қалай аталады?
А) эпидермис
Б) шел қабаты
В) дерма
Г) нағыз тері қабаты

2. Терінің ортаңғы қабаты?
А) дерма
Б) эпидермис
В) шел қабаты
Г) сір қабаты

3. Теріге түс беретін жасушалар (меланоциттер)қай қабатта ораласқан?
А)эпидермис
Б) шел қабаты
В) дерма
Г) тор

4. Жүйке ұштары(рецепторлар) терінің қай қабатында?
А) дерма
Б) эпидермис
В) шел қабаты
Г) базальды

5. Терінің қай қабаты түлеп, жаңарып отырады?

А) эпидермис
Б) дерма
В) шел
Г) тор

6. Суреттегі 1 санымен белгіленген қабатты ата?
А) дерма
Б) эпидермис
В) шел қабаты
Г) бұлшықет қабаты




7. Терінің латынша атауы?
А) cutis
Б)nervus
В)ren
Г)pili

**Дәм-иіс сезу мүшелері**

1.Дәм сезу мүшесін атаңыз?
А) тіл
Б) мұрын қуысы
В) жұмсақ таңдай
Г) қатты таңдай

2. Дәм сезу емізікшелері тілдің қай бөлігінде?
А) үстінде
Б) астында
В) артында
Г) алдында

3. Дәм сезу емізікшелерін атаңыз?
А) жіпше
Б) торлы
В) шар тәрізді
Г) конус тәрізді

4. Ащыны тілдің қай бөлігі сезеді?
А) түбі
Б) ұшы

В) бүйірі
Г) асты

5. Тәттіні тілдің қай бөлігі сезеді?
А) ұшы
Б) түбі
В) бүйірі
Г) асты

6. Иіс сезу мүшесіне мұрын қуысының қай бөлігі жатады?
А) жоғарғы
Б) ортаңғы
В) төменгі
Г) бүйір
7. Иіс сезу жүйкелері ми сауытына қай сүйек арқылы өтеді?
А) тор
Б) сына
В) самай
Г) маңдай

**Барлық жауап « A »**

Дайындаган: Назар Д.К